

Т.ЕҢСЕГЕНҰЛЫ

*филология ғылымдарының докторы
Қ.А. Ясауи атындағы ҲҚТУ профессоры*

С.ТОҚБОЛАТ

*тарих ғылымдарының кандидаты
Көркүт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*

ОРХОН ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТЫ

Монголия жеріндегі Күлтегін, Тонықек, Білге қаған, Күлі-Чұр жазба ескерткіштерін зерттеуде кейбір Еуропа ғалымдары көне түркі дәстүрін, салтын жете білмегендіктен нағымсыз шікір, пайымдаулар жасаған. Соның салдарынан Орхон бойындағы жазба ескерткіштердің түрған жері, айналасы қазылып, мәдени мұралардың бүлінуіне апарып соқтырган. Осы зерттеуде Орхон бойындағы жазба ескерткіштердің өзіндік ерекшелігі, сыр-сипаты шынайылықпен ашылып, ғылыми тұжырымдар жасалынады. Орхон жазбаларының бүлінуіне себеп болған ең негізгі жәйт – шетел саяхатшылары мен шығыстанушылар тастағы түркі руна жазба ескерткіштерін «Қабыр басындағы құлшытас» деп үйгарым жасап, түркі қағандары мен бектері қымбат мұраларын өздерімен бірге көмеді деп есептед, жазба ескерткіштердің астын қазған.

Бұл еңбекте Орхон бойындағы көне түркі руна жазба ескерткіштері – түркі қағандығын орнатудағы жорықтар жайлы жазылған дастандар екені дәлелденеді. Мақалада көне түркі руна жазуы Шумер, Қытай, Көне Египет жазуларымен жалғаса туғандығы ғылыми негізде мәлімденеді.

Кітп қөздер: Орхон жазбалары, көне түркі руна жазба ескерткіштері, шумер сына жазуы, көне түркілер, шумерлер, балбал, бақатас, құлшытас.

Көне дәуірден жеткен мол рухани байлықтарды игеру үшін зерттеу жасауда өуелі сол саланың өзегі болыш табылатын құрделі мәселелердің түптөркініндегі шынайы шындығына біліктілікпен көз жеткізу керек. Егер мұндай жауапты жұмысты атқаруда негізгі ақықаттан сөл ауытқыса, бағзы заманда бабалар жасаған тозбайтын зор жетістіктер бірден мәңгілік құндылығынан айрылып, тоз-тоз қүйге түседі. Соңдай келеңсіз әрекеттер бүгінгі ел-жүргітты бүрынғы білгенінен алжастырып, келешек ұрпақ ата-баба дәстүрінен адасып, олар арғы түп тегін, ұлтын айтуға арланатындаі жағдайға душар болады. Осылай әдейі сақтандыра, қатқыл үн қатып айтуымызға Орхон өзені бойындағы көне түркі жазба ескерткіштерінің бүгінгі мүшкіл көрінісі мәжбүр етті. Өйткені Монгол жеріндегі Күлтегін, Білге қаған, Тонықек Күлі-Чұр, Таттар (Құтлық) қаған, Ел Етміш Йабғұ кешендеріндегі асқақ биік әрі жалشاқ тастарға түсірілген тарихи жыр жазбаларда түркі

Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының апымалған...

халқын құлдық, құндік, қанау, қорлау, аш-жалаңаштықтан құтқаруда бірлікке шақырған, намысты оятатын үндеу өлең, дастандар жазылған.

Әсіресе, Орхон, Селенгі, Онғин өзендерінің бойынан табылған Күлтегін, Білге қаған, Тонықек, Ел Етміш Йабғұ жазба ескерткіштері әлемдегі дәү тастарға, храм қабыргаларына түсірілген жазбалардың ішіндегі ең көлемдісі, әрі мазмұны, маңызы жағынан да ерекше құнды. Элемдік көне мәдениеттің ең төрінен орын алған Орхон жазба ескерткіштерінің бәрі, ондағы әсем безендірілген кесенелер, сансыз мұсін, балбал тастар түгелге жуық қиаратылып, үйінді төмшепіктерге айналышты. Осындауда еске саларымыз, Орхон жазба ескерткіштерін біраздан бері бірсышыра шығыстанушылар зерттең, өз еңбектерін жазды. Бірақ, олардың сол бағытта жазған жұмыстарында бірін-бірі қайталаушылық басым. Соған орай қолдан келгеннеш бұрын арнайы сөз болмаған және ақиқатты танытатын мәселелерді зерттеу көзделді.

Тұрасын айтқанда, Орхон өзені бойындағы көне түркі руна жазба ескерткіштері мен белгілі кесенелердің түгелдей бүлініш, қиаратылуына ең басты себеп – осы жазба ескерткіштерді арнайы зерттеуге ұмтылған Еуропа галымдарының бәрі дерлік кезінде Орхон жазба ескерткіштерін “Қабыр басындағы құлшытас” деген үйғарым жасаң, бұл мәдени мұралардың астын, айналасын ерсілі-қарсылы қаза бастады.

Шынында, Орхон жазба ескерткіштері қабыр басына қойылған құлшытас па еken? Ақиқатына жүгінsek олай емес, дәлелдейік. Бұл бағыттағы ұзақ зерттеуден туындаған ой, шікірлерді жинақтаң түйінін білдірсек, әлемде жазба мәдениеті алғаш туып, қалыптасқан кезден бастап бірсышыра іргелі елдерде кәдімгі мал сүйегіне, ірі тастарға, балшықтан тұрғызылған биік қабыргаларға барша жұртқа, тайша, халыққа арналған дін, наным қағидалары, өмір сұру заңдылықтары, ел мен жерді қорғауға шақырған үндеу, ұрандар, бірлікке жұмылдыратын даналық толғаулар, өсіметтер жазу өдекте айналды. Сол көлемді, көрнекті жазба тастар, биік дуалдар қалың бұқара жиналатын ашық аландарға, қырқа басына орналастырылды. Себебі, әлгі мәдени ескерткіштердегі ел-жұртқа арнаш жазылған дін, заң, нанымды және ортақ мақсат пен міндеттерді кең тұрғыда бұқараға әрі айқын, өзгеріссіз жеткізу, үғындыру үшін солай жасалынды.

Мысалға, Месопотамиядағы көне Вавилонға Хаммурапи (б.з.б.1792-1750) патшалық еткен тұста ол мемлекетте тәртіп, әділдік орнату мақсатында арнайы халыққа арнаш өмір сұруге қажетті заңдар тоptамасын шыгарды. Бұл маңызды құжат “Хаммурапи заңдар жинағы” деген атаумен тарихта қалды. Сол заңдар жиынтығы арнайы таңдалған, көрнекті жерге, биік қабыргаға сына жазуымен түсірілді. Онда өмірге қажеттіліктен туған, әділдікті сақтауға арналған көптеген заң баптары жазылды. Хаммурапидің заңдар тоptамасы көктегі жаратылыс болшектеріне табына отырыш, табигат тылсымына сүйене, содан туындаған жасады. Бұл айтқан тұжырымымызды профессор

В.И.Авдисетің “На верхней части столба изображен царь Хаммурапи, стоящий в торжественной позе перед богом солнца Шамашем, восседающим на троне. Вся остальная часть столба покрыта клинонисным текстом, содержащим 247 статей судебника”, – деген сөзі нақтылай түседі [1,70].

Міне, осы келтірілген мәліметтерден-ақ сол заңдар жиынтығы тікелей халыққа арналыш, әдейі тұргызылған зәулім қабыргаға тұтастай жазылғаны айқын танылып тұр. Демек, арнайы дайындалған дәу, жалшақ тастар бетіне, барық-храм қабыргаларына тұсірілген көлемді жазбалар мола басына қойылған құлшытас емес, заман талабына орай бұқара жүртшылыққа арнап орнатылған жазба үндеу ескерткіштер. Сосынғы айтарымыз, қабылданған заңдар жиынтығының арнайы тұргызылған биік қабыргаға сына жазуымен тұсіріліп, жүртшылық назарына ұсынылуы, бұл біріншіден, ел билеушінің халық үшін аса маңызды жұмыстар атқарып, бұқарамен бірліктे, солардың қамын жасац, адап қызмет атқарып жатқандығын білдіреді. Екіншіден, мемлекет, тайпа алдында тұрган негізгі мақсаттарды дәу тастар мен арнайы жасалған биік қабыргаларға жазып, халыққа ұсыну – сондай бағыт ұстаған ел билеушілердің үстемдікті жеке-дара әмірмен орындаған билікті жариялышық тұргыда жүргізгенін танытады. Үшіншіден, бағзы замандағы ел мұддесіне орай туындаған, халыққа арналған аса құнды мәселелерді, діни қағидаларды жалшы жүртқа тездете жеткізуге, жария етуге ұмтылу сол тайпа, мемлекеттің өз жазуының туындаудына тікелей ықпал етеді. Месопотамия аймағында сына жазуының тұңғыш негізінің қалануы – ел билеушілердің тек халық қамын ойлац, жана пайдалы жетістіктерді туындашып, бұқараға жеткізуге жедел ұмтылыс жасағанынан болар.

Төртіншіден, ел қамына орай туындаған жана жетістіктер өмірпен болыш, игілікке асып, көрші тайсаларға, мемлекеттерге тараң, тозбайтын, ғасырларға жалғасатын ірі жетістіктерге айналады. Ал маңызы зор жаңалық өмірге батыл еніп, кең аймаққа жайылып, кейін дәстүрге айналады. Мысалға, Евфрат пен Тигр өзендерінің аралығын мекендеген ежелгі шумерлердің патшасы да халыққа арнаған үндеуін арнайы жасалынған биік қабырга–блокқа сына жазуымен тұсіріп, жұрт жиналатын алаңға орналастырған. Онда шумерлер нанымы бойынша жарты құдай санайтын ел басқарған патшалардың тізімі жазылып, сосын жалшы жұрт өміріндегі аса құрделі оқиғалар, халыққа арналған үндеулер сына жазуымен тізбектей, сыйылыстыра жазылатын болған. Біздің бұл шілдемізге А.Бахтидің: “Среди древнейших в мире исторических документов особое место занимает список шумерских царей, составленный примерно в 1820 г. до н.э. и записанный на четырехгранным глиняном блоке содержит следующую надпись: “Урук был взят с боем; столицей стал город Ур. В Уре царем стал Ур-Намму, правивший восемнадцать лет”, – дед жазғаны дәлел болады [2,124]. Осылай, жалشاқ тастарға, арнайы тұргызылған қабыргаларға көлемді жазбаларды тұсіру өмірге бойлай ене берді.

Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының апсылмаган...

Осы мәселені тереңдете зерттең, тарихи деректерді бір-бірімен салыстырып, содан туындаған ой-пікірлерді қорытып сарапағанда бірнеше жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға тұра келді. Біріншіден, халыққа арналған үндеу, заң бабтарын, дін, наным қагидаларын, жаумен шайқастағы айтулы ерліктерді дәу тастар мен храм қабырғаларына көлемді етіп жазу алғаш Шығыс халықтары арасында туындал, қалыптасқаны айқын танылыш отыр. Бұған нақты көз жеткізу үшін әлі де бірнеше бұлтартпас тарихи деректер келтіріп, орынды дәлелдеулер жасалынады. Екіншіден, үлкен тастар мен биік қабырғаларға түсірілген көлемді жазбалар қандай тақырыпқа арналса да поэзия үлгісінде жазылған. Өйткені, діни уағыздарды халыққа арналған үндеулерді, шапқыншылық кезіндегі мақтан тұтар женістерді, таңқаларлық ерліктерді жоғары рухта, терең тебіреніс, зор шабытпен жүртшылыққа еріксіз әсер ететіндей етіп поэзия үлгісінде жария ету Шығыс халықтары арасында бағзы заманда-ақ қалыптасты.

Мысалға, әлемдегі ең көне діндік мұра, 21 кітаптан тұратын “Авеста” шығармасы түгелдей поэзия тілімен жазылған. Бұл қасиетті мұрада бүкіл әлем болмысы және жер бетіндегі әмір сұрудің жолы, ережесі, зороастризм дінінің қагидалары, табиғаттың өзгермес заңдылықтары жөнінде айтылған. Осы шығарманы – ежелгі заманың конституциясы деуге толық болады. Нақтылаш көрсетсек «Авеста» кітабының «Вендиад» деп аталатын көлемді бір бөлімі әмір сұруге қажетті заңдылықтарға арналған. Осы бөлім іштей 22 тараудан, 12 бөлшектен құралған. Сол 22 тараудағы бірінші жырда кез-келген елдердің құрылымы, олардың жетістігі мен кемпілігін танудың, бағалаудың жолдары баяндалған, екінші жырда адам мен пайдалы жануарларды қорғаудың жолдары көрсетілген, үшінші жырда жер бетіндегі тұрғындардың қуанышы мен қайғысы жөнінде түсіндіріледі, яғни, жақсылық пен жамандық жарыса жалғасатыны мәлімдентен, төртінші жырда өзара келісім-шартқа адалдық және оны бұзғандарды аяусыз жазалау жөнінде айтылады. Бесінші тарауда қылмыс жасаушылардың кінесін қойып, қаралаудың талабы баяндалған, осылай жалғаса береді [3, 675]. Осы әмір сұруғе қажетті заңдылықтардың барлығы жыр үлгісінде жасалынған.

Вавилон патшасы Хаммурапи жариялаған заңдар жиынтығы да «Авеста» кітабындағыдай поэзия үлгісінде жазылған. Зороастризм діні жазылған сол кітапта қабылданған заңдардың орындалуын бақылау, шара көру көктегі жебеуші құдіреттердің құзырында болса, Хаммурапи патша жариялаған заңдар жиынтығының талащқа сай жүзеге асуын көктегі құдіреттің өзі үнемі қадағалаш, заңды орындағандарды қатаң жазалайды екен. Көктегі құдіреттің қаһарынан қаймықпайтын пендे бола қоймас. Сондықтан әрбір дінде жарияланған қағидалар, заңдылықтар мүмкіндігінше іске асып, орындалған. Өйткені, бағзы заман адамдары табиғат бөлшектерінің құпия сырларын жете үға алмай, олардың әр түрлі құбылыстарына таңырқаш, қорқып, жаратылыс бөлшектеріне табынуға мәжбүр болды.

Өздерінің тірлігі, тағдыры аспандағы жұмбак құдіреттердің қолында деп санады. Кейін сол табиғат бөлшектерін жасаған жалғыз жаратушы күш бар деген тұжырым қалыптасты.

Соған орай, олар көктегі құдірет, табиғат бөлшектері жайлы сансыз қиял, ақыздар, мифтік жорамалдар туындасты. Бағзы замандағы өмір сүру барысынан бірте-бірге құралыш қалыптарынан дәстүр-салт, наным, сенім, әдет-ғұрыш, әсіресе мифтік мұралар негізінде жүртшылық табыныш, мойындаитын жаңа діни шығармалар туындасты. Осындағы жағдайдан ежелгі дәуір адамдарының дүниетанымы мифтік сана деңгейінде болды. Сондықтан, олардың дінге деген құштарлығы артыш, ондағы айтылған қағидаларды қалшысыз орындауга мойын ұсынды. Ал миф – алғашқы қауымдық дәуірдегі адамдардың айналасындағы құбылысқа көзқарасынан туындаған қиял-тажайш шығармалар болыш табылады.

Антикалық әдебиет мифтік мұралардан жасалғаны белгілі, бағзы заманнан-ақ дін, нанымдар, халыққа арналған ұндеу, гимндер, өмір заңдылықтары, жаумен арпалыстағы жеңістер, ерліктер барынша көркемдік шеберлікпен жасалынды. Бұл айтылған байламдарды В.И.Авдиевтің: «Литературное творчество возникло в древней месопотами в глубокой древности, в IV тысячелетии до н.э. Религиозно-магические воззрения властвовали над сознанием людей того времени. Поэтому вполне естественно, что религия как основная форма идеологии должна была насквозь пронизывать всю литературу», –деген сөзі бекемдей түседі [1, 99].

Көне египеттер арнағы дайындалған дәу тастарға ауқымды жазбаларды көркем, айқын түсіруге ерекше назар аударғаны танылады. Атап көрсетсек, көне египет патпаларының шежіре-жыры түсірілген Палерм тасы көлемді және айқын, сұлу жазбасымен ерекше көзге түседі. Осы жазба таста көне египеттің бірнеше патпаларының түсінде айтулы оқиғалар, халыққа арналған ұндеу, ел қорғаудағы ерлік, батырлық істер гимн-жыры түрінде жария етілген. Осы жинақташ жеткізілген ой тұжырымы В.И.Авдиевтің: «Ко времени древнего царства относится часть древней летописи, текст которой сохранился на так называемом Палермском камне. В этой летописи приведены имена царей Египета до V династии, кончая именем Неусерра», – деп жазған дерегі бекемдей түседі [1,127].

Сүйекке, темірге, тасбақа қалқандарына түсірілген бал апту жазбаларының бәрінде дерлік ежелгі қытайлардың көкке, табиғат бөлшектеріне табынған наым, сенімдері және ауа райының құбылысын алдын-ала болжаудағы бал апту арқылы жасалған тұжырымдары жазылған. Бұл келтірілген ой қорытындысын Ф.С.Быковтың: «Иньская гадательная надпись свидетельствуют о поклонении “верховному владыке”— “шанди”. Ему принадлежить верховная власть над миром природы и человека. Представления о “шанди” и “тянь” являлись первоосновой всех

древнекитайских религиозных воззрений”, – деген сөзімен бекемдей түсуге болады [4, 32].

Көне қытайлардың сүйекке, өзге заттарға түсірген жазбалары қабыр басына қоюға арналмағаны айқын танылыш түр. Ежелгі қытай наым, сенімін бұқара халыққа жеткізу үшін арнайы сүйекке, тасбақа қалқанына және темірге жазу кең етек алған. Көне қытайда әйгілі кеменгерлердің даналық толғауларың, философиялық ойларын арнайы көрнекті жерлерге тұргызылған биік қабырғаларға, жалшак тастарға жазып қою ежелгі замандаға қолға алынды. Эрі осы дәстүр ғасырдан ғасырларға жалғасып, кейінгі кезеңге дейін келді. Мысалға, қытай халқының әлемге әйгілі ойшылы “Дао” ішінің негізін жазып қалдырған Лао-цзы (б.з.б IV-III ғ) мен даналық толғаулардың жинағы больш есептелінетін “Лунь юй” кітабының авторы Конфуцзының мәңгі көнермейтін философиялық тұжырымдары барша жүртқа осындай жолмен жеткізілді.

Бұл айтқанымыздың нақтылығын Л.С.Переломовтың: “Текст начали составлять еще при жизни Конфуция его ученики, которые стремились сохранить мысли учителя. Кононизация памятника произошло в эпоху Хань (III в. до н.э.–III в.н.э.); Тан (618–917) текст был выбит на каменных стелах. Именно этот вариант дошел до наших дней”, – деген тұжырымы айғақтай түседі [5, 5]. Сол кеменгерлердің үлкен тасқа жазылған көлемді толғаулары ұрпақтан ұрпаққа осындай әдіспен жеткізіліп, насхатталуда. Қазір Конфуцзы институты әлемнің 40-тан астам елінде бар. Қытайдың дәу тасқа жазылған даналық жазбалары жыр үлгісінде жасалғаны ғылыми тұрғыда айқындалды. Ежелгі қытайдың үлкен тастарға түсіріліп орнатылған рухани мұраларын қабыр басындағы құлшытас деп айтуға ешкімнің аузы бара қойmas.

Осы келтірілген рухани мұралар мен тарихи деректерді, ғылыми ойшіктерді жинақташ қорытып, Орхон бойындағы Құлтегін, Тоныкеқ, Білге қаған, Құлі-Чұр және Онгин жазба ескерткіштері қабыр басына қойылған құлшытас емес, көне Вавилон патшасы Хаммурапи шығарған заңдар жиынтығы жазылған барық – храм қабырғадай, Шумер патшасының биік блокқа түсірген көлемді жазбасында, Египеттің көне патшалығы тұсында “Палерм тасына” түсірілген шежіре-жыр жазбасында, қытай халқының кеменгері Конфуцзының даналық толғауы түсірілген жазба тастай, бұқара халыққа арналған үндеу, ерлік жорықтары дәу тастарға жырмен жазылған тарихи жыр-дастан деген тұжырым жасалынды. Екінші сөзбен айтқанда, Орхон ескерткіштері – түркі халқының империя орнатудағы ұлы мақсат, міндеттері, манифесі жазылған мәңгілік рухани мұрасы деуге де келеді.

Шығыс халықтарының біз талдау жасап отырған дәу тастарға, храм қабырғаларына түсірілген халыққа арналған үндеу, ерлік жайлы көлемді жазбалары ең алғаш қашсан, қай жерде туып қалыптасты? Сол бағзы заманының әлгіндей құнды жазбаларын бір-бірімен салыстырып қарасақ,

мысалға, Вавилон патшасы Хаммураши шығарған заңдар жиынтығы шамамен б.з.б. 1792-1750 жылдар аралығында жазылысты. Ежелгі шумерлер патшалығында сына жазуымен төрг қырлы биік балшық блокқа түсірілген көлемді жазба ғалымдар үйғармы бойынша б.з.б. 1820 жыл шамасында дүниеге келген. Егишеттердің көне патшалығы дәүірінде Палерм тасына түсірілген көлемді шежіре-жыр жазбасы шамамен б.з.б 2700-2400 жылдар аралығында жасалынышты. Көне қытайлардың діндік нанымы, болжаяу айтылып, сүйекке жазылған бал ашу жазбалары шамамен б.з.б. 2 мыңжылдықтың соңына таман көрініс тапса, ал Конфуцзы даналық толғауы жазылған үлкен тастар ашық алаңдарға шамамен б.з.б. III ғасырдан бастап орнатыла бастапты.

Дәу тастарға, храм қабырғаларына жазылған халыққа арналған үндеу, дін қағидалары, заң балтары, қаһармандық жайлы түсірілген көлемді жазбалар қай елде бұрын пайда болғанын анықтауда еске саларымыз, жоғарыда атап көрсетілгендей, көне егишет патшалары әулеттерінің билік құрған кезеңдерін және олардың дәу тастарға түсірген көлемді жазбаларының уақытын анықтауда сол салаларды зерттеген мамандар әлі де бір шешімге тоқталмай, болжамды мәлімет айтумен шектелуде. Осы аталған көлемді жазба ескерткіштердің ішінде ежелгі шумерлердің сына жазба мұраларының дәүірі мүмкіндігінше толық айқындалып тұр. Әрі шумерлерде көлемді жазба ескерткіштер жасау кеңірек өріс тапқанына көз жеткізілді. Шығыстанушылар да шумер сына жазуы әлемде бірінші болыш пайда болғанын бір ауыздан макұлдады.

Дүниежүзі ғалымдарына ортақ зәру мәселе – алғашқы жазудың қай жерде туып, қалыптасқаны, жан-жаққа тарағаны жайлы В.И.Авдиев: “Очевидно, что клинопись раньше всего возникла именно у шумерцев, а затем была от заимствована вавилонянами, которые ее в свою очередь передали ассирийцам, а через них древним персам”, – деп байлам жасайды [1, 27]. Бірақ ол солай үйғарым жасағанына дәлел келтірмейді. В.И.Авдиев шығыстану ғалымдары ертеректе білдірген байламды қайталаумен тоқталады. Бір таңданатын жағдай, көне түркілердің тек қана дәу тасқа қашаш түсірілген көлемді жазбалары дүниенің біргалай аймағанда қазірдің өзінде самсап тұр. Әлем ғалымдары жабылып жинастырып жатса да әлі санына жете алмай шаршауда. Атап көрсетсек, қабырға тасқа түсірілген көне түркі руна жазбалары Енисей, Талас, Алтай, Орхон бойларында онда, жүздел саналады. Биік тастарға арнайы түсірілген көне түркі руна жазба мұралары санының көптігі және бір жерден ғана емес, әр аймақтан молынан табылуы, ондағы көлемді жазбалардың маңызының құндылығы жағынан әлемде оған тең келетін тасқа, храм қабырғаларына түсірілген көлемді жазбалар жоқ деп айтуда болады.

Көне түркілердің дәу тастарға түсірілген жазбалары жайлы В.И.Авдиев “Көне Шығыс тарихы” деген еңбегінде ең болмаса атап та

өтпейді [1]. Өзге шығыстанушы ғалымдардың көбісі де осылай, мәрмәр тастарға өшірілмесстей етіп жазылған, бағзы заман қойнауынан мәңгілікке жол тартқан көне түркі руна жазбалары жөнінде аузын ашпай, тарихи еңбектерге, окулықтарға енгізбей келеді.

Ал басқа елдер өздері мекендеген жерлерден археологиялық жұмыс күшімен қазып, шұқыш, құрастырып ташкан бір-екі жазба мұраны әлемге айқай сала таратып, әйгілейді.

Бұған қалай түсінуге болады? Тек арнайы өндөлген, биік жалشاқ тастарға көлемді етіп түсірілген көне түркі руна жазба мұралары санының көптігінен дүние жүзінде алдыңғы қатарда тұрганын қадаш айтуға, тіпті өзгeler мойындағанша жар сала беруге тұра келеді. Көне түркілерде өмірде тозбайтын дәу тастарға халыққа арналған құнды мұраларды көлемді етіп түсіріп, мәңгілікке қалдыру кезінде дәстүрге айналған.

Түйіп тұжырымдасақ, дәстүр – ұзақ дәуірдің жемісі. Көне түркілерде халыққа бағышталған үндеу, гимн, заң, дін қағидаларын, ел қорғаудағы жеңісті биік тастарға көлемді етіп жазып, мәңгілікке қалдыру алғаш зор жақалық болып, кейін дәстүрге айналып, өмір игілігіне жараң, ілгері жол тартты. Көне түркі жазуы, әдебиеті дәу тастарға жазылған рухани мұралары және нағызы мен дәстүрі әлемдегі алғашқы мәдениеттің қатарында ерте дәуірде жасалынғанын біз тарихи-типологиялық, синтездік тұрғыда терең зерттең, ғылыми негізде қорытындылады. Бірақ, кеңес дәуірі сайсаты өзек болған шығармалар мен тарихи деректерді ғылыми тақырып етіп альш дайын мәліметтерді пайдаланып, оп-оңай қорғаған кейбір адамдар сол салада билік тағына отырғаннан кейін бабалар жасаған рухани мұралар төңірегінде тың ғылыми жақалық ашқан еңбектерді дұрыс бағаламай, едөүір кедергі жасады. Сонымен, көне түркі руна жазуы мен дәу тастар қабыргаларына түсірілген көлемді рухани мұралары әлемдегі алғашқы жазбалардың қатарында жасалынғаны жөніндегі біздің қорытынды тұжырымынызды А.Бахтидің: “Именно шумеры создали первыми в долине месопотами древнюю культуру и цивилизацию, которая легла в основу культуры тюркских народов. Мы увидели, что шумеры, шлемена азиатского происхождения”,—деген шікірі нақтылай түседі [2, 23, 120].

Расында, көне түркілер мен шумерлердің тілі мен төл жазулары, нағызы, дәстүр-салты жағынан едөүір ұқсастықтар бар, бұл мәселелерге бұрынғы еңбекте талдау жасалынып, түйінделді. Көне түркі руна жазуымен биік тастар қабыргаларына көлемді рухани мұраларды жазып қалдыру дәстүрі Шығыста алғашқылардың қатарында жасалынып, өзге елдерге тарагандығын, біріншіден, түркілердің негізін қалаган Сак, Фұн, Үйсін, Қаңды тайшалары өзара бірігіп, б.з.б. Х ғасырдан бастап құшті мемлекет бола бастағаны айқындаі түседі. Сол тұстарда көне түркі руна жазуы, бейнелеу өнері толық қалыштасып, жан-жаққа тарады.

Бұған көне иранның ежелгі Персеполе қаласынан табылған тасқа түсірілген “скиф жауынгерлері” атты сурет толық дәлел болыш, бағзы заманда-ақ көне түркілердің төл мәдениетінің үлгілері айналасындағы елдерге тарағ, даңқы жайыла бастағанын танытады. Бұл мәселе жайлы В.И.Авдиеvтің “парсылар көне шығыс халықтарының көштеген мәдени жетістіктерін кеңінен пайдаланды”, – деген сөзі біздің жасаған байламымызды растай түседі [1, 474]. Сондай-ақ, көне түркілер бағзы заманда Шығыстың бірсыныра елдерін өзіне бағындырыды. Бұған Гередоттың “Скифтер 28 жыл Алдыңғы Азияға билігін жүргізді” деген сөзі дәлел [6, 172]. Көне түркілердің Мидияны жауап алыш, Алдыңғы Азияға ұзақ уақыт билік күрүү шамамен б.з.б. VIII ғасырға жатады. Көне түркілер сол кездерде өздерімен бірге төл жазуын және үлкен тастарға құнды рухани мұраларды көлемді етіп жазып қалдыру дәстүрін ала барған, сол үлгі тұтар жетістіктерді өзге елдер қабылдан алыш, әрі қарай жалғастыра түскені байқалады. Элемдегі алғашқы жазу мәдениетінің ошағы Орта Азия болғанын батыл айтуда керек. Бұған осы жолы да сез арасында бірталай мәліметтер келтірілді.

Бұл зерттеу жасап отырған саламен тікелей сабактас, елеулі мәселе бар. Шығыстанушы ғалымдардың кейбірі ежелгі шумерлер мен көне түркілер мекендеген жерлерден табылған құдірет тұтар тұлғаларды мегзейтін биік мұсін ескерткіштерді де қорым басына қойылған арнайы белгі деген тұжырым жасады. Мұндай болжам да тарихи шындыққа онша сәйкес келмейді, сөуегейлікпен айтыла салынған әншнейін қаңғыма сөз. Тіпті шумерлердің көне мәдениетімен етене хабардар А.Бахти: “Стояли каменные статуи с чашами (некоторые статуи женского пола), эти изваяния и были внешним атрибутом, т.е. символом тенгринского захоронения. Возможно, эти статуи и были прообразом шумерской богини Иштар”, – деп екі ұшты болжам айтады [2, 54]. Ал шындығында, әлгіндей үлкен мұсін ескерткіштерді қандай мақсатта жасап, орнатқан? Бұл мәселенің ақиқаты мынадай: бұрын қажетті тұстарда сөз еткендей, ежелгі шумерлер мен көне түркілер ұзақ уақытқа дейін табиғат бөлшектеріне тағым етіп, өмірге үрпақ әкелудің де өз құдайы бар деп санады. Мысалға, ең көне дін зороастризм қағидалары жазылған “Авеста” кітабында ана мен дүниеге келер перзенттің құдайы “Аши” деп аталағы.

Қасиетті кітапта Аши құдайдың гимн-жыры бар. Сол құдай-ана әйел атаулының ар тазалығын, отағасына адалдығын, олардың бала тәрбиелеу парызын қалай орындаитынын бақылаш, дүниеге келер сәбиді жаманшылық әкелуші қара ниеттілерден қорғайды. Шумерлер нанымы да сондай, олар құдай-ананы “Иштар” деп аташ, табынады. Көне түркілер де ежелден құдай-анага бас иген. Қазақтар мен қыргыздар әйел мен сәби құдайын “Ұмай-ана” деп атайды. “Ұма” сөзінің төркініне үнілсек, түркі текстес халықтардың бірталайында ер кісінің еркектік ұрық шыгаратын қос жұмыртқасын тұтастай

Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының аптылмаған...

“ұма” дейді. Соған орай, “Ұмай-ана” ұрпақ әкелуші деген ұғымды білдіретіні танылыш түр.

Бұл дәстүр шумерлер мен көне түркі тайшаларының өмір тірлігіне ертепек мықташ енген. Мысалға, ежелгі шумер жерінен табылған қолыңдағы құмыраны ішіне баса ұстаған мейрімді әйел мұсіні қабыр басына орнатылған ескерткіш емес, құдай-ана бейнесі. Сол үлкен мұсінің фотокөшірмесі А.Бахти кітабында бар [2, 54]. Шумерлер құдай-ана ескерткішін жасап, соған тағзым етіш, жалбарынған. Көне түркілер де сол дәстүрді сақтады. Еске саларымыз, Астана қаласындағы қос қолдай ұстаған тостағанын мейірлене ілтері ұсынған әйел бейнесіндегі биік ескерткішті шумерлерден қалған құмыра ұстаған құдай-ана бейнесінің нақ өзі деуге келеді. Сол ескерткішті “Ұмай-ана ескерткіші” деп, көне түркі дәстүрінің мәңгілік өміршендігінің көрінісі тұрғысында ұғынған дұрыс болар. Бұл сәбілік ойдың, мифтік сананың белгісі емес, керісінше табиғат заңдылығың, түркі діні, дәстүрін сақташ, орындаш, жаратылыс бөлшектерін аялаш, күтпесең, табиғат-ана бізді асырамай, ғұмырыңың қыскаруына, ұрпағыңың азауына апарып соқтырады. Соған сәйкес, көне түркілердің Ұмай-анаға тағзым етуі – ұрпақ жалғастыру шарызды ояту дәстүрі, даналықтың белгісі. Бұл қазіргі уақыттың да көкейтесті талабы.

Қысқасы, көне түркілердің бағзы заманнан өздерімен бірге жасап, өміріне өзек болған нағым, сенімің, дәстүрің, олар табынған дінің қағидаларын білмей, көне түркілер жасаған ұлан-асыр мәдениеттің өзіндік ерекшелігін ұғынбай Еуропа ғалымдарының көбісі Орхон бойындағы биік, жашақ тастанарға түсірілген көлемді жазба ескерткіштерді “Қабыр басындағы құлшытас” деп ұйгарым жасап, көне түркілердің мәңгілікке қалдырган тастағы жазбаларың, биік храмдарың, сан-алтуан мақсаттарды бейнелеген мұсін тастанарды түгелдей дерлік сындырыш, қиратыш, сол мәдени күнды мұралардың айналасың, тұрган жерін түгел қазың, қырғын соғыс болған бекіністей, тас-талқан етіп бұлдірді.

Орхон бойындағы жазба ескерткіштерді зертеуге ұмтылған шетел ғалымдардың көбісінің басты мақсаты – осы өңірдегі көне түркі мәдени ескерткіштерге түгелдей қазба жұмыстарын жүргізу болды. Көзделген нысанаға жетуде олар сол өңірдегі Құлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Құлі-Чұр... кешендерінің, ондағы биік жазба ескерткіштер мен әр түрлі бейне түсірілген мұсін тастанардың, арнайы тұрғызылыш өрнектелген храм қабырғалары мен шарбақ тастанардың әрқайсысының астын жеке-жеке қазыш шығу жоспарларын жасады. Мұндай жабыла қазу әрекеттердің туындауына Орхон бойындағы мәдени ескерткіштерді тауың, жария етіш, зертеуші, саяхатшы, археолог ғалымдардың бәрі дерлік бұл өңірдегі жазба ескерткіштерді “Қабыр басына қойылған құлшытас” деген мағынада ортақ тұжырым жасады.

Атап көрсөтсек, Орхон бойындағы жазба ескерткіштерді тауыш, жария етушілердің бірі Н.М.Ядринцев 1889 және 1891 жылдары Монголия жерінде болып, ондағы Құлтегін, Білге қаған кешендерімен танысып, зергтеу жұмыстарын жасағаннан кейін, ақырында Құлтегін, Білге қаған жазба ескерткіштерін “жалшақ қабыр”, “жалшақ тасты төрт бұрышты қабыр” деп мәлімдеме жасады [7, 1-3]. Ол мұндай дақышыр туғызар, өзгелерге бөтенші ой салып, дүниекүмарлықты қоздырар шікірін қандай негізге сүйеніп айтқанын дәлелдемейді. Мүмкін, көне түркі тайша, қағандарының билеушілері дүниеден өткенде олардың жинаған байлығы асыл заттары, қымбат мұліктері өздерімен бірге көміледі деген лақап сөз мәңгілік мәдени мұраларға оның апкөздікпен, құлқын қамымен қарауға итермелеген шыгар.

Сондай-ак, белгілі археолог Д.А.Клеменц (1844-1914) дәу тасқа түсірілген көне түркі жазба ескерткіштеріне өзінші зергтеу жасай келіп, тастағы жазба мұралардың бәрін “қабыр басына жазылып қойылған сез (құлшытас)” деген тұжырым жасады. Ол кейін осы сала бағытындағы білікті маман ретінде сез алыш, көне түркі жазба ескерткіштері орнатылған жердің бәрін “Бектер қабыры” деп атады [8, 13-23]. Осы аталған екі зергтеуші 1891 жылы В.В.Радлов басқарған Ресей экспедициясы құрамында Орхон бойындағы көне түркі мәдени ескерткіштерін зергтеуге қатысты. Сол кезде-ақ олар Орхон бойындағы көне түркі мәдени мұраларына сүйк қолдарын сұқты. Мысалға, Н.М.Ядринцев 1889 жылы бұл өңірге алғаш келгенде-ак көне түркілерден қалған мұралардың ішіндегі ең қымбат жәдігерлердің біразын өзімен бірге Россияға алыш кеткен [9, 62]. XX ғасырдың екінші онжылдығының алғашқы жылынан бастап Орхон бойындағы көне түркі мәдени ескерткіштеріне ұзақ уақыт іздестіру және қазба жұмыстарын жүргізген Польша, Ресей ғалымдары В.Л.Котович, П.К.Козлов, Б.Я.Владимиров және басқалар Орхон бойындағы тасқа түсірілген көне түркі жазба ескерткіштерін “Бектер қабыры басындағы жазба” деген сөуегейлік байлам жасады.

Сондай желеумен олар Орхон бойындағы Құлтегін, Білге қаған, Топыкек, Құл-Чұрга арналған көлемді жазба тастардың және Орхон бойындағы сондай жазба мұралардың, астынан түркі қағанаты билеуші, қолбасшыларының қабырын табу мақсатында арнайы қазба жұмыстарын жүргізді. Сонымен қоса, жоғарыдағы есімі аталған түркі қағанаты басшылары құрметіне тұрғызылған кешендердің қабырғалары мен айналасын, ондағы сандаган мүсін тастардың және шарбақтастардың астын қазу арнайы жүктелген міндеттер болыш табылды. Бірақ қабыр орындарын ташады.

Осы кезде Монгол жеріндегі көне түркілердің өзге де мәдени ескерткіштері мен қала, қорған орындарына археологиялық қазба жұмыстары қатарласа жүргізіліп, кейін де жалғастық тапты. Нақтылаң атасақ, Орхон бойындағы жазба ескерткіштерді, шарбақтас, кешендерді 1891, 1912, 1924,

Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының апсылмаган...

1933 жылдары қаздырган В.В.Радлов, В.А.Котович, П.К.Козлов, Д.Д.Букинничтер, таң сондай іспен айналысқан өзге де бірнеше экспедициялар өлті жазба ескерткіштер тұрған жерден, сол тәндектерден қабыр орнын мүлде кездестірмеген. 1958 жылы құрылған монгол-чех археологиялық экспедициясы Құлтегін кепенінің іші-сыргын түгел қазып шығып, ешқандай қабыр орнын таба алмады. Көне түркілердің мәңгілікке қалдырган көлемді жазба ескерткіштері мен кепендерді, әр түрлі мақсатта жасалған мүсін тастандарды жабайылықпен қиаратып, тонауга түсіргені үшін сол ғалымдарды қазір әлем жүргішілігі алдында айыштауға болмай ма? Көне түркілердің жазба ескерткіштері неге өзге біреулердің ойына келгенін жасап бұлдіретін ойыншығына айналған? Ежелгі замандардан жеткен құнды мәдени мұраларды осылай қорлауға бола ма?

Арнайы сұрышташ дайындалған биік те жалпақ мәрмәр тастандарың қырларына көркемдеп түсірілген көлемді көне түркі руна жазба ескерткіштерінің адам қолымен құлатылып, талан-таражға түсін – сол мұраларды зерттеген ғалымдардың көне түркі дәстүрін, нанымын, олардың ежелгі замандағы Тәңірге табыну көне дінінің қағидаларын жете білмегенінің салдары. Көне түркі нанымы, дәстүрі бойынша қайтыс болған адамның денесі өртөлінің, оның күлі желге ұшырылады немесе суға шашы жіберіледі. Мұндай дәстүрдің бірнеше маңызды шешуі бар. Біріншіден, қайтыс болған кісіні От-анаға тапсырады. Екіншіден, мәйіт күлін желге ұшыратыны – Тәңірге табыну дінінің қағидасында қайтыс болған адамның жаны көктегі Тәңірге – жаратушыға қарай ұшып кетеді. Бұған Құлтегінге айналған жазба ескерткіштің соңында, тастың онтүстік-шығыс қырына қара сөзбен түсірілген жазудағы: “Қайтыс болды, көкке ұшты. Тәңірі тірі еткізді”, – деп түйінделген сөз дәлел болады [10, 234]. Көне түркі нанымы бойынша өлтір адамды өртеп күлге айналдыратыны жөнінде Л.Н.Гумилев те сөз арасында сездіреді, бірақ дәлелдей түсіндірмейді.


Тәңірге табыну дінінің қағидасы бойынша қайтыс болған адамның мәйітінің күлі жерге көмілмей, оны желге, суға тапсыратыны жөнінде біз айтқан деректің дүрыстығын Қарастыруның көне түркі тарихы жөнінде зерттеу жасай келіп: “Қырғыздар қаза болғандарын өртеп, күлдерін манхазға шашы жібереді, ал бұл дариядан, тіпті, алыс тұратындар өлтендердің күлдерін толқытып желге ұшырып жібереді”, – деген тұжырымы нақтылай түседі [11, 20]. Ақиқатында, ежелгі түркілер дүниеден өткен адамды көктегі Тәңір жаққа ұшып кеткен күдірет санац, оларды аруақ тұтып, тағым етеді. Сондықтан, көне түркі дәстүрі бойынша қайтыс болған адамның денесін немесе өртөнген күлін жан-жануар жүретін, қалың жүртішлік аяғы тиетін жер қойнына көміп тастамайды. Еуропа зерттеушілерінің біразы Тәңірге табыну дінінің осы қағидасын білмегендіктен көне түркі жазба ескерткіштері тұрған жерлерден және айналасынан қайтыс болған қаған басшыларының және бектердің қабырын іздең, қазба жұмыстарын қайта-қайта жүргізіп,

мәңгілікке жасалған жазба ескерткіштер мен мұсінтастардың бәрін дерлік сындырыш, жабайылық танытты.

Қысқасы, бабаларымыздың ежелгі өситет, өнегесі мен дәстүр-салтын толық игермегендіктен Орхон бойындағы көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген бірнеше елдің экспедициялары әлгі аталған мәдени ескерткіштерді сындырыш, бұрынғы сәні мен келбетінен айырды. Бұл айтқанымыздың растығын Қ.Сартқожаның: “Орхон ескерткіштерінің ең атақтыларының скульптуралары, ұстындары көп бүлінген. Құлтегін, Білге қаған, Туй-ұқық, Онгин кешендеріндегі мұсінтастардың басын сындырыш, ұлы денесін қиаратып, Онгин, Орда-балық кешеніндегі ұстындарды паршалап тастаған”, – деп жазғаны айғақтай түседі [9, 53-54]. Осы жағымсыз әрекеттер сол балбал тастардың қандай мақсатта жасалыныш, орнатылғанын түркітанушылардың көбісі жете түсінбегенін білдіреді. Мысалға, Л.Н.Гумилев: “Сол ескі молалардан шығыска қарай қалай болса солай қашалыш, түбі жерге көмілген балбалдар тізбегі созылады. Бұл – марқұмының ерлігіне орнатылған ескерткіштер. Әрбір балбал оның өлтірген жауының сұлбесін бейнелейді. Көштеген молаларда мұндан тастанар жоқ. Сірә, ол жерлерге әйелдер мен балалар өлігінің күлдері көмілген болуы керек”, – деп тұжырым жасайды [12, 258].

Л.Н.Гумилевтің “әрбір балбал оның өлтірген жауының сұлбесін бейнелейді”, – деген сөзі ете орынды. Бірақ, оның “ескі молалардан” деген сөзі орынсыз айтылған. Екіншіден, көне түркілер мола басына балбал тастанар қоймаған. Өлік құлін суға шашып, ағызып жіберсе, қайтыс болған адамның жерленген орны бола ма? Ресей ғалымы Л.Р.Кызласев көне түркі жазба ескерткіштері айналасындағы балбал тастарды жерленген батыр, бектердің өлтірген адамдарының бейнесі, саны деген тұжырым жасады [13, 206]. Ол да балбал тастанарды қабыр басына орнатылған белгі есебінде санады.

Орхондағы көне түркі жазба ескерткіштері мен кешендеріндегі балбал тастанар тізбегі – сол жазба ескерткіш арналған қаған билеушісінің немесе қаған әскер қолбасшысының жаумен шайқаста өлтірген дұппанының санын көрсетеді. Балбал тастанар тізбектері сондай мақсатта орнатылған белгілер екенін Орхондағы тасқа түсірілген жазба ескерткіштер мәтінін оқығанда айқын көз жетеді. Мысалға, Құлтегінге арналған жазба ескерткіштің 25-ретпен белгіленген белгілінген белгігіне назар аударайық, сол бөліктің тастағы негізгі мәтіні мынау:



Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының апымлаған...

Мұны қазақшага аударғанда: Менің ағам – билеуші құрметіне,
Қыргыз қағаның бас етіш
балбал тізбесін орнаттым,
балбалын мен орнаттым,
Сонда түркі халқының аты
және даңқы өппесін деп
Менің әкем қағанды,
Менің шешпем – катынды,
Жоғары көтерген Тәңірі,
Ханға мемлекетті беретін Тәңірі,
Түркі халқының аты және
даңқы өппесін деп.
Менің өзімді ойлау керек,
Қаған етіш отырғызды,—

деген жазба жолдары шыгады [10, 226]. Осы циклдағы: “Менің ағам – билеуші құрметіне, қыргыз қағаның бас етіш, балбал тізбесін орнаттым”, – деген сөзді айтыш отырған түркі қағандығын орнатуда ерлік көрсеткен, қыргыз қағаның жеңген батырдың бауыры. Мұны тасқа түсірген дарынды тұлға, қаған Иоллығ тегін. Өйткені, Құлтегінге арналған тарихи дастанды туғызған сол. Оған осы жазба ескерткіштің ең сонында: “Тасқа жаздым. Иоллығ Тегін” деген сөз дәлел бола алады [10, 234], әрі бұл шығарманы жасаған ақын қыргыз қағаның бас етіш балбал тізбесін орнатқандарын өзінің туыстары атынан айтыш отыр.

Тағы да ақиқатқа көз жеткізуді қажет ететін нәрсе – Құлтегінге арналған жазба ескерткіштің 25 ретпен орналастырылған бөлшіндегі балбал тізбесіне қатысты сөзді белгілі ғалым Ф.Айдаров өзгепшелеу етіш аударышты. Таңдау көрсетсек, 25-ретпен белгіленген бөліктегі жазудың бірінші жолының оқылуы “Башлауи қыркыз қағанығ” деген сөзден басталып, әрі қарай жалғасады. Мұнда қыргыз қағанының балбалы бас етіш қойылғаны анық мәлімденіш тұр. Ф.Айдаров осы бөліктегі бірінші жолды: “қырық аз қағаннан бастатып балбал қойдым” деп аударыш, әрі қарай жалғастырады [14, 176]. Оқырманды жаңылыстырмас үшін ақиқатын білдіруді қажет десек, мәтіндегі сөз “қыргыз қағаның” деген мағынаны айқын танытады, сол тастағы негізгі мәтіннен “қырық аз қағаннан” деген сөзді шыгару қын, қалай айтса да ондай сөз құралмайды.

Ресей ғалымы С.Е.Малов осы сөзді: “Тізбектің басына қыргыз қағанының балбалы қойылды”, – деп аударышты [15,39]. Бірақ, ол балбал тасты мола басына қойылатын белгі деп үққан. Сонымен дәлелдеу, салыстырудан туған ой-пікірлерді қорытып, Құлтегін жазба ескерткішінің 25-жазба бөлігінің бірінші жолында қыргыз қағанының балбалы тізбектің басына қойылғаны жөнінде жазылған деген тұжырым жасалынды.

Орхон бойындағы түркі қағандары мен әскер басшыларына арналған жазба ескерткіштердің айналасындағы балбал тастар тізбегі сол жазба ескерткіш ариалыш орнатылған көне түркі бектері мен батырларының өлтірген жауының тізбегі екенін Л.Н.Гумилевтің Құлтегін ескерткіші жөнінде деректерді баяндай келіп: ‘Ескерткішке қарай қайдамдық¹ тұзды көлден басташ тұтас З шақырымға балбалдар тізбегі созылады. Біздің кезімізге дейін 169 балбал бүтін қалыпты, бірақ олар бұдан да көп болған сияқты.

Кейбір балбалдар адамның түршайы сұлбесіне ұқсатылып қапалған, қолдары мен белі белгіленген Қазылған ордың бойымен шығысқа қарай балбалдың екінші тізбегі тартылады, бұл Ииелдің² олар корған дуалын айнала қоршаған тұрган деген жорамал жасауына дәлел болды. Алайда, бұлар бәрінен де осында бұрын жерленуі мүмкін басқа марқұмға қатысты тізбек болар деген ой келеді”, – деп жазғанындағы ұш шақырымға созылған балбалдар тізбегі айғақтай түседі [12, 329].

Елің, жерін ата жаудан қорғауда дүшшанына деген өжет өшпендейлік көне түркі дәстүрінде бағзы заманнан берік қалыптасқан. Сонымен қоса, олар достық туралы келісімге де өте берік болған. Геродоттың: “Скифтердің достық жайлы анты былай түйінделеді. Балшықтан жасаған кесеге шарап құйылып, екі жақтан қатысушылардың қаны тамызылып, араластырып оның үстіне қылып, садақ оғы, қалқан қойылады да сөз сөйлеip болған соң, екі жақтың мәртебелі адамы қатар тұрыш кеседен ішеді”, – деп жазғаны дәлел [6, 186]. Сондай-ақ, ежелгі мекенің, халқын жаудан қорғауда дүшшаның женуді әрбір түркі перзенті басты мақсат санаған. Бұл айтқанымызды Геродоттың скифтердің жауынгерлігі, дәстүрі жөнінде баяндай келіп: “жауын өлтірмей тұрыш ешқандай қызы тұрмыс құрмайды”, – деп мәлімдегені айғақтай түседі [16, 355]. Бұл ежелгі ата-аналарымыздың түркілік рухқа беріктігін, намысын жогары үстайтының, олар отаны үшін жаумен шайқаста ерлік жасағанды ерекше құрметтейтінін танытады. Бабаларымыз кең байтақ жерді осындағы жан қиярлық істерімен бізге қалдырыған болса керек. Қазақ халқының “жаным – арымның садақасы” деп айтатыны агадан қалған дәстүр жалғастыры екен.

Орхон бойындағы көне түркі руна жазба ескерткіштеріндегі балбал тас тізбегі – батырлар өлтірген жаудың сұлбесі, саны екеніне сол дәу тасқа түсірілген көлемді жазбадан нақты дәлел келтірейік. Мысалға, Монгол жеріндегі Онгин өзені бойындағы көне түркі руна жазба ескерткішіндегі

¹ .”Цайдамдық” – Құлтегінге қойылған ескерткіш орналасқан Кошо-Цайдам таулы жотаны мегзейді.

² Ииел – Орхон бойын зерттеушілердің бірі.

Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының апымлаған...

үшінші ретпен орналастырылған беліктегі жазуды қазақшаға аударғанда онда:

[Олардың] алып ерлерін жаулары

Балбал етіш қойышты.

Түркі халқының аты жоғалуға тақалышты,—

«Түркі халқы жетімсіремесін, жоғалмасын,

Құрбаң, жем болмасын» деп

Көктегі Тәңірі жарылқапты,—

деген жыр жолдары тасқа түсірілген [10, 386]. Қысқасы, бұл шумакта табғаштардың (қытай) түркі батырларын өлтіріп, қорлаш балбал етіп қойғаны айтылып, түркі жұрттының нағызыны ояту көзделген. Орхон бойындағы әйгілі жазба ескерткіштер мен қатар табылған бақатас мұсіндерінің қандай мақсатта жасалғаны жайлы да ақиқатты айтудың қажеттігі туып отыр. Бұл бақатас мұсіндерді дәу жаңақ әрі өте қалып, мықты тастардан қашап жасаған.

Сол бақатастың оргасында, яғни арқасында төрт бұрышты етіп ойған терек ұнғы бар. Осы көне заманнан жеткен мәдени ескерткіштерді жасаған мұсіншінің шеберлігі сонша, алып бақатас — аса ғажап ұлken тірі тасбақа сияқты танылады. Бақатастың арқасындағы ойық ұнғыны көргеннен кейін еріксіз, бұл мәдени ескерткіштерді алтыннан жасалған асыл бүйімдар мен қымбат қазыналар және тенгелер салатын дәу мұсінтас деп жорамалдауға болады. Орхондағы көне түркі руна жазба ескерткіштері орналасқан жерден табылған әлтіндей алып бақатастар зор құпшен сыңдырылып, бөлшектелінген. Неге? Шынында да, Орхондағы көне түркі мұраларын көріп қызықтаған саяхатшылар және зерттеушілер бұл бақатастарды түркі қағандары мен билеушілерінің мол қазыналары салынған қойматас деп ойлаған болуы керек. Соңдай дүниекорлық шиетпен алып бақатастарды құпшен қыратқаны білініп тұр. Ақиқатында, бұл дәу бақатастар қандай мақсатта жасалынған? Қытай халқында және көне түркі тайпаларында тасбақаны бағзы заманнан аса қасиетті жанды жаратылыстың бірі санайды. Соған сәйкес, ертеде бұл аталған елдерде тасбақаны киелі санаң, еркін өмір сүруіне мүмкіндік жасайды. Қытай халқы атам заманнан өздері табынған нағым, сенімінің, жаратушыға жалбарынудан, табиғат құбылыстарын бақылаудан тұған болжак, өмір сүру қагидаларын тасбақаның қалқан сүйегіне тағзым етіп, соған қарал отырып туыннатқан. Себебі, тасбақаның қалқан сүйегін көктегі тағзым етер құдіреттермен байланыстыратын сиқырлы күш иессі санаған.

Қазақ халқының ежелгі дәстүрінде тасбақаны соңдай ұғыммен қасиет тұтады. Мысалға, тасбақаның аузында тістер түрған шөпті алған немесе көрген адамның барлық арманының орындалуына кең жол ашылады екен. Соған сәйкес, тасбақаның желең-жебеуімен мақсат, арманына жеткен адам — көктегі жарылқаушы құштің қамқорлығындағы құдірет дарыған жан болыш есептелінеді. Ондай “жарты құдай” атанған адамдар өмірде сирек

ұшырасатын болған. М.Мағаун қазакшага аударған Конфуцзы даңалығы жазылған кітапта: “Тасбақа ежелгі қытайда қасиетті саналатын, ал үлкен тасбақа ұстаяға қатардағы ұлықтың дәрежесі сәйкеспейді”, – деп айтылған сөзде елеулі сыр жасырылған [17, 57]. Шығыс халықтарының ішіндегі ежелден көрші, өзара байланыста болған елдердің бірнешеуі және көк түріктер тасбақаны киелі жаратылыстың бірі деп ұғыш, абыройы мен даңқы аспандаған хан мен өте атақты батырларға тасбақа үстіне қондырған мәнгілік ескерткіш орнатқан.

Бұл ұзақ зерттеп, саралаудан қорытылған тұжырымымызды түркітанушы Қ.Сартқожаның: “I. Тәңір текті байырғы түріктердің хан өuletіне (Ашина) арналған киелі орын кешендер. Олардың басқа киелі кешендерден бірнеше айырмашылығы бар. а). Мәтін жазылған ұстын тасбақанын үстіне орнатылады. г). Бұндай кешендердің құрылышы, бітімі басқаларға қарағанда салтанатты, сөүлетті. Бұған Құл-тегін, Білге-қаған, Тастан-қаған, Ел-етміш қаған, Қапаған қаған кешендері жатады. II. Ұмай текті Ашиде өuletіне арналған кешендер. Оларға Туй-ұқық, Құлі-чор, Онгин т.т.с. кешендер жатады. Ерекшеліктері төмендегідей. а). Мәтін жазылған тас ұстынды тасбақа емес, жалшаш тасқа қашаш ұңғы шыгарыш орнатқан. Ашина өuletіне қойылған кешендерден жұпнылау, салтанат сөүлеті пәс келеді”, – деп жазған сөзі бекемдей түседі [9, 295-296].

Жоғарыда келтірген үзікте көрсетілгендей, түркі мемлекетін орнатушылар, Ашина өuletінен шыққан, атақты қолбасшы, қағандар Құлтегін, Білге қағанға арналған жазба ескерткіштер арнайы жасалған (оргасы төрт бұрышты етіп ойылған) бақатас мұсіні үстіне орнатылды. Демек, жазба ескерткіш қондырылған бақатас мұсіні бек, хандардың асыл қазынасын салатын бұйым тас емес. Түркі дәстүрі бойынша жазба ескерткіш арналған тұлға табиғаттың киелі жаратылысы тасбақаның жебеуімен көктегі жалғыз жаратушы Тәңірге қарай жақындац, соның қамқорлығына бөленеді, ақыры ол дүниеден өткенде Тәңір қасына қарай ұшып кетіп, мәнгі жасайтын құдіретке айналады. Көне түркілерден қалған кез-келген жәдігерлер Тәңірлік дін қагидасы негізінде философиялық терең ойылықта жасалынған. Көне түркілердің табынған дінін және олардың бекем қалыштасқан дәстүрін жете білмегендіктен Орхон бойындағы баба мұраларын зерттеген саяхатшы, ғалымдар мәнгілікке орнатылған жазба ескерткіштерді өзге де жәдігерлерді қиаратып, қасиетті көріністерді алға тартты.

Қазақ ғалымдары Орхон бойындағы көне түркі руна жазба ескерткіштерінің ішінен Құлтегін, Тонықекке арналған мәдени мұраларды таныш білуге, зерттеуге көніл бөлді. Мысалға, Ф.Айдаров Құлтегінге арналған жазба ескерткіштің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасады. Профессорлар Х.Сүйіншәлиев, А.Аманжолов, Қ.Сартқожалар Орхон жазба ескерткіштері туралы өз еңбектерін жазып, оқырмандарына ұсынды. Көне түркі руна жазба

ескерткіштерін зерттеуге бет бүрган қазақ ғалымдары көбіне тастағы жазуғағана назар аударып, көне түркі руна жазуы қазақ халқына да ортақ мұра екенін дәлелдеуді ниет етіп, қағандық кезіндегі атақты тұлғалардың атынан арнайы дайындалған немесе өздері жазған биік тастарға түсірілген көлемді жазбалардың концепциясына онша назар аудара бермеді. Сөйтіп, тастағы руна жазбалары жөнінде шетел зерттеушілері үйғарған тұжырымындағы қайталауға барды.

Қысқасы, бұл бағытта жұмыс жасаған қазақ ғалымдарының бәрі дерлік Орхон бойындағы көне түркі руна жазба ескерткіштерін : “қабыр басына қойылған құлшытас” деп атады. Мысалға, “Түркістан халықаралық энциклопедия” атты еңбекте: “Құлтегін (684-731) батырдың ерліктері туралы құлшытастарға қашап жазылған қаһармандық дастан. Құлтегін батырдың қабіріне қойылған ұлкен-ұлкен екі құлшытастағы құпия жазуларды көшке дейін түрколог ғалымдар да оқи алмай келді”, – деп жазылған [18,374]. Тағы да осы еңбекте: “Тонықек жазуы. Бұл жырдың мәтіні бедерлеп жазылған құлшытасты XIX ғ-да Солтүстік Монголиядағы Селенга өзені бойынан ташқан ағайынды Клеменцтер еді”,–деген тұжырым жасалынады [18, 580]. Профессор М.Жолдасбеков: “731 жылы Құлтегін қайтыс болды. Батырдың азасына ат қойыш ел-елден келген көңіл айтушыларда есеп болмаған. Батырлығының күәсі ретінде оның басына мәңгілік ғажап ескерткіш орнатылды. Көп кешікпей, 734 жылы дүниеден Білге қаган да өтеді. Такқа отырған Иоллығ-тегін әкесі Білге ханының басына зәулім ескерткіш орнатады”, – деп мәлімдеді [19,22]. Ал профессор Н.Келімбетов: “Бұл дастан жазылған ұлкен құлшытас Құлтегін батыр зиратының басына қойылған”, – деп айтпақ ойын айғақташ білдіреді [19, 65]. Бұл орайда біздікі біреуді мұқату немесе білгірсіну емес, қазіргі көшіріп алуға икемді кейбір ізденушілер жазылған еңбектің әр жолына ойлылықпен қараң, соны әрі қарай жалғастыра зерттең, ғылымға өз үлесін қосуға талшынса деген ниет. Эрі қабырға тастарға түсірілген көне түркілердің Орхон бойындағы мұралары қандай мақсатта жазылғанын білдіру.

Көне түркі руна жазба ескерткіштерін тауыш, оқыш жария етуде, әрі қарай зерттеуде тарихи оқиғаға айналған бірнеше жетістіктер бар. Біріншісі, фин ғалымдары Енисей бойындағы және Алтай өнірінен кездескен тасқа жазылған мәдени ескерткіштерді зерттеуге өзгелермен салыстырғанда ұлкен ынгамен кірісті. Себебі, биік тастарға жазылыш, көрнекі жерге рәсімдеп олар еретедегі фин-угорлардан қалған рухани мұра болар деп ойлады. Осындаид зор үміт құпиясы апсылмаған жазба тастарды шашпаң әрі сапалы зерттеуге тікелей негіз болды. Соңдай мақсатпен Хельсинкиде арнайы фин-угор қогамы құрылды. Оған білікті мамандар, ірі ғалымдар тартылыш, көне мұраларды жан-жақты қамтыш, толымды жұмыс жүргізетін экспедиция құрамы жасақталды.

Олар Енисей, Алтай бойын аралап жазба ескерткіштерді тауып жария ете бастиады. Хельсинкидің шығыстанушы мамандарының ғылыми зерттеу жұмысы өз жемісін көрсетті. 1889 жылы фин ғалымы Отто Доннер (1835-1909) басқарған арнайы жасақталған экспедиция Енисей жазба ескерткіштерінің тұнғыш атласын жасап, әлем ғалымдарының назарына ұсынды. Одан кейін финляндиялық көрнекті ғалым Аксель Олай Гейкель (1851-1924) жетекшілік еткен экспедиция Моңгол жеріне 1890 жылдың май айында барып, сол елдегі бірнеше аймақтағы мәдени ескерткіштерге кепшенді зерттеу жұмысын жүргізіп, мол материал жинап, тиянақты, іскерлікпен атқарылған істің қорытындысы бойынша А.О.Гейкель басқарған экспедиция 1892 жылы әлемде бірінші болып Орхон атласын жария етті.

Көне түркі руна жазба ескерткіштерін тауып, оқып, жария етуде Ресей ғалымдарының да қосқан улесі зор. Атап айтқанда, фин зерттеушілерімен бәсекелесе жұмыс жүргізген, В.В.Радлов басқарған экспедиция фин ғалымдарының ізін баса, 1892 жылдың аяғында “Көне замандағы Моңгол атласы” деген атпен Орхон жазбаларының атласын жасады. Әрине, бұл жұмыс бұдан кейін де әрі қарай жалғастырыла жүргізілді. Шын мәнінде, В.В.Радлов басқарған экспедиция “Көне замандағы Моңгол атласы” атты көлемді жұмысты 1892-1899 жылдары толық аяқтаپ, жария етті. Бұл атқарылған сан-салалы жұмыстар Орхон өзені бойындағы тасқа түсірілген көлтеген жазба ескерткіштердің құпиясын ашуға септігін тигізді. Дания ғалымы, Конентаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсен (1842-1927) Орхон бойындағы тасқа түсірілген жазуды ұзақ уақыт сарқыла зерттеп, жазу сырын тауып, құпия алфавиттің қисының келтіріп оқып шықты. Ол осы апқан ғылыми жаңаңызын 1893 жылы 25 қарашада Данияның Корольдік Фылым академиясы президиумының алдында баяндап, Орхон бойындағы мәдени ескерткіштер – көне түркі алфавитімен жазылған түркі мәдени мұралары екенін жария етті. Осылай, көне түркі жазуы ежелгі дәуірде туыш, дамығандығы әлемге мәлім болды.

Осы орайда, көне түркі қағандығы тұсындағы дәү қабырға тастарға түсірілген көлемді жазбалар неге Орхон аймағына шоғырланған, сол жазба ескерткіштерде “Өтүкен” жері үшін болған соғысқа неге ерекше мән берілген деген сұрақтар ойға келуі мүмкін. Ерте заманнан халықтар көбіне өзен бойларын, тұрмысқа ыңғайлы жерлерді мекендеді. Мәдениет адамдар шоғырланған жерде туыш, өркендейді. Орхон өзені бойында “Өтүкен жері” сондай өмір сүруге ыңғайлы аймақ болған. Біздің ежелгі бабаларымыз Ғұн мемлекеті (б.з.б. I-ғасырда) сол Орхон, “Өтүкен” өңірін мекендеп, мемлекет ордасы етті. Одан кейін Сянби, Тоба, Жұжан патшалығы қоныстанды. Тарихтағы ұлken оқиға – б.з.VI-IX ғасырларда осы өнірде Түркі империясы құрылыш, орнады, мемлекет ордасы “Өтүкен” жері болды. Түркі мәдениетінің алтын ғасыры сол өнірден бастау алды.

Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының аптылмаган...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Авдиев В.И. История древнего востока. М: Огиз, 1948.–583 с.
2. Бахти А. Шумеры, скифы, казахи. Алматы: «Кочевники», 2002.–215 с.
3. Авеста. Иранның ежелгі гимндері мен мәтіндері. 1-2 томдар. Тегеран: «Морварид» баспасы, 1375 (ниджра бойынша), 1997 ж.
4. Быков Ф.С. «Зорождение общественно-политической и философской мысли в китае». М: Наука, 1960.–240 с.
5. Переломов Л.С. «Конфуций «Лунь юй». М: вост.лит-ра, 1998.–588 с.
6. Геродот. История. Избранные страницы. С Петербург «Амфора». 1999.
7. Ядринцев Н.М. Предварительный отчет о поездке с археологической и этнографической целью–Известия ВСОРГО, Иркутск, 1889 г. Т.ХХ № 4.
8. Клеменц Д.А. Письма на имя академика Радлова,—СТОЭ. Вып.1, СПБ, 1892. с.13-23. Прил.1.
9. Сартқожа Қ. Орхон муралары. Бірінші кітап. Астана: «Күлтегін» баспасы, 2003, –392 б.
10. Еңсегенұлы Т. Қоңе түркі руна жазба поэзиясы. Екінші кітап. Алматы: Білім, 2008.–409 б.
11. Карапулұ Ә. Қоңе түріктер тарихы. Бишкек: 1994.–190 б.
12. Гумилев Л.Н. Қоңе түріктер. Алматы: Білім, 1994.–502 б.
13. Кызласев Л.Р. Означение термина балбал древнетюркской надписей,—ТС, М –Л: 1966, 206 с.
14. Айдаров F. Құлтегін ескерткіші. Алматы: Ана тілі, 1995.
15. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М–Л: АНСССР, 1951.
16. Геродотъ. Исторія въ девяти книгахъ. Том 1. М: 1888.
17. Конфудзы. Кеңес пен талғам. Алматы: Қайнар, 2001.–220 б.
18. Түркістан халықаралық энциклопедиясы. Алматы: 2000.–286 б.
19. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы: Жазушы, 1986.–326 б.
20. Келімбетов Н. Қөркемдік дәстүр жалғастыры. Астана: Елорда, 2000.–286 б.

РЕЗЮМЕ

Некоторые европейские ученые в силу того что недостаточно были знакомы с древнетюркскими традициями, сделали невероятные выводы. В результате места, где расположены Орхонские письменные памятники были раскопаны, что привело к порче культурного наследия. Основная причина разрушения Орхонских письменных памятников—мнения иностранных путешественников и востоковедов о захоронении могильных памятников и записей руно на камнях. В связи с этим были произведены археологические раскопки.

В этой статье показаны своеобразные особенности Орхонских письменных памятников, а также рассмотрены древние тюркские записи руно Шумера, Китая, Древнего Египта и сделаны научные выводы.

(Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Нераскрытая истинна Орхонских надписей)

SUMMARY

Some European scholars in view of the fact that not enough was known from the ancient traditions, have made incredible conclusions. As a result, the place where the Orkhon inscriptions have been unearthed, which resulted in damage to the cultural heritage. The main cause of the destruction of Orkhon-written records to foreign travelers and orientalists of tombstones and burial records fleece on the rocks. In connection with these excavations were made.

This article shows the distinctive features of Orkhon written records and discusses the ancient Turkic writing Fleece Schumer, China, Ancient Egypt and made scientific conclusions.

(Ensegenuly T., Tokbolat S. Undisclosed Truth Orkhon inscriptions)

ÖZET

Bazı Avrupa ilim adamları eski Türk gelenekleri hakkında yeterli bilgi sahibi olmamasına rağmen, bu konuda çeşitli fikirler üretmektedir. Neticesinde Orhon abidelerinin olduğu yer kazıldı ve kültürel miras bozguna uğradı. Çünkü Avrupa ilim adamlarının fikirlerine dayanılarak arkeolojik kazma işleri başlatılmıştır.

Makalede Orhon yazı abidelerinin özellikleri ve Eski Şumer, Çin, Eski Mısır yazıları hakkında ilmi görüş bildirilir.

(T. Ensegenulu, S. Tokbolat. *Orhon Yazlarının Bilinmeyen Gerçeği*)